

**Жіті ішек жұқпалары, сальмонеллез, іш сүзегі және қылау ауруларын төмендету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу бойынша  
санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларын бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 6 ақпандағы N 52 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 6 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5163 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен.**

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 6)-тармақшасына, 7-1 бабының 4)-тармақшасына және 24-бабының 1-тармағына сәйкес жіті ішек жұқпалары, сальмонеллез, іш сүзегі және қылау ауруларының пайда болуы мен таралуының алдын алу мақсатында **БҰЙЫРДАМЫШ**:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) "Жіті ішек жұқпалы ауруларын ескерту жөніндегі санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу";
- 2) "Сальмонеллез ауруларын ескерту жөніндегі санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу";
- 3) "Іш сүзегі мен қылау ауруларын ескерту жөніндегі санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау департаменттерінің басшылары (келісім бойынша) жіті ішек жұқпалары, сальмонеллез, іш сүзегі және қылау ауруларымен ауыратын сырқаттарды уақытылы диагностикалау мен емдеуді қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, көліктегі Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлері:

- 1) медициналық ұйымдарда, балалар үйінде, нәрестелер үйінде, қарттар үйінде, тамақ өндеу өнеркәсібі, азық-түлік саудасы, қоғамдық тамақтану обьектілерінде санитарлық-індектке қарсы тәртіптің сақталуын бақыласын;
- 2) орталықтандырылған, орталықтандырылмаған сүмен қамтамасыз ету көздеріндегі ауыз су сапасын бақыласын;

3) ет-құс өндеу объектілерінде санитарлық-ветеринарлық ережелердің сақталуын бақыласын.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (А.А.Белоног) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз ету департаменті (Ж.М.Мұхамеджанов) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Қ.Т.Омаровқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігінің  
2008 жылғы 6 ақпандағы  
N 52 бұйрығымен бекітілген

**"Жіті ішек жүқпалы ауруларын ескерту жөніндегі  
санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды  
ұйымдастыру және жүргізу" санитарлық-эпидемиологиялық  
ережелері мен нормалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер (бұдан әрі - санитарлық ереже) жіті ішек жүқпалы ауруларының алдын алу және аурудың деңгейін төмендету жөніндегі санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) және емдеу-диагностикалау іс-шаралардың жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Осы санитарлық ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) бактериятасымалдаушылық - аурудың клиникалық белгілерінсіз жүқпа (паразитарлық) ауруларының қоздырғыштарын адам немесе жануар ағзасында сақтаумен және қоршаған ортаға бөлумен сипатталатын жүқпа процесінің түрі;

2) дизентерия - көбіне тоқ ішектің шырышты қабықшасын зақымдайтын *Shigella* текті микробынан туындағының жүқпалы ауру. Клиникалық ауру интоксикация мен бүрап ауыру белгілерінің болуымен сипатталады;

3) дисбактериоз - ішек жұмысының ауытқуынан, фермент шығару қабілетінің бұзылуынан, антибиотиктерді ұзақ қабылдау нәтижесінде созылмалы ауру туындайтын ішек микрофлорасы құрамының бұзылуы;

4) иерсиоз - интоксикация симптомы және ішек-қарын жолдары, бауыр, буындар, кейде басқа органдардың зақымдануымен сипатталатын антропоноздар тобындағы жіті жүқпа ауру;

5) реконвалесцент - аурудан айығу сатысындағы науқас адам;

6) ротавирустық жүқпа - асқазан ішек-қарын жолдарының зақымдануымен сипатталатын жіті вирусты ауру.

## **2. Санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу**

3. Жіті ішек жүқпалы ауруларын ретроспективті эпидемиологиялық қадағалауға мына санитарлық-індектке қарсы (алдын алу) іс-шаралар енеді:

1) жіті ішек жүқпаларын ретроспективті эпидемиологиялық талдау аурудың алдын алуға жүргізілетін іс-шаралардың тізбесін, көлемін, мерзімін негіздеу, ұзақ мерзімге арналған мақсатты бағдарламаны жоспарлау мақсатында жүргізілуі тиіс . Жіті ішек жүқпалар құрылымы нозологиялық түрлер бойынша "қауіпті топтарды" анықтау үшін халықтың кейбір жас ерекшелік, әлеуметтік, кәсіби топтарында және жеке ұжымдарда аурудың денгейін бағалау қажет.

Аурудың жылдық динамикасын талдауда маусымды көтерілудің мерзімін, себептерін дұрыс анықтау керек, ол үшін оның басталуының табиғи және әлеуметтік жағдайлары талданады.

Аурудың эпидемиологиялық құрт өсу кезеңінде, эпидемияның түріне, қоздырғыштың берілу факторына қарай топтастыруға, олардың дамуына жиі мүмкіндік жасайтын неғұрлым жиі эпидемиялық факторларды анықтауға, тамақтану және сумен қамтамасыз ету ерекшеліктеріне айрықша көңіл бөлу керек;

2) жіті ішек жүқпалы ауруларына жедел эпидемиологиялық талдау басталған аурудың өрбүйін, оның себептерін уақтылы анықтау және індектке қарсы жедел шараларды жүргізу үшін жасалады.

Ағымдағы ауруды құн сайынғы, апталық өсу қорытындысымен, осы аумаққа тән аурудың бақылау деңгейімен салыстыру керек.

4. Ауруханаішілік ауруларды болдырмау үшін санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары психоневрологиялық диспансерлер, балалар үйінде, нәрестелер үйінде, қарттар және мүгедектер үйінде, балалар емханаларында санитарлық індектке қарсы тәртіптің орындалуына мемлекеттік қадағалау жүргізіледі.

5. Ішек жұқпаларымен ауыратын науқастарды және осы ауруға күдіктілерді анықтауды жекеменшіктігіне қарамастан барлық денсаулық сақтау мекемелерінің медицина қызметкерлері амбулаториялық қабылдау, үйге шақырту, медициналық қарау, аурұханаға жатқызу және басқа да емдеу үйымдарына бару кезінде жүргізеді. Диагноз аурудың клиникалық тән белгілері, зертханалық тексерістер мәліметтері, эпидемиологиялық анамnez негізінде қойылады.

6. Халықтың мына санатына ішек тобына бір реттік зертханалық зерттеу жүргізу қажет:

- 1) емдеу-алдын алу үйымдарына қаралған кезде жіті ішек жұқпасының инвазивті түрімен ауырғандар және осы ауруға күдіктілер;
- 2) декретtelген контингент қатары ішінен ішек жұқпасымен ауыратын науқаспен қатынаста болатын (байланыста) адам;
- 3) емделуге түсken психиатриялық аурулар аурұханасының емделушісі;
- 4) мектеп-интернат, балалар үйі мен нәрестелер үйіне алынатын балалар;
- 5) карттар үйіне алынатын жасы ұлғайған адамдар;
- 6) ішек жұқпасынан жазылған реконвалесценттер.

7. Қоздырғыштың түрін және ошақтардың көлемін анықтау үшін тізбесін дәрігер эпидемиолог анықтайтын зертханалық зерттеулер жүргізіледі.

### **3. Эпидемиологиялық тексеруді үйымдастыру**

8. Мына ошақтарда эпидемиологиялық тексеру жүргізіледі:

- 1) қоғамдық тамақтану және азық-түлік саудасы, сумен қамтамасыз ету обьектілірінің, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметкерлері, сондай-ақ азық-түліктер өндіру, сақтау және сатумен байланысты кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар жіті ішек жұқпаларымен ауырған кезде;
- 2) мектепке дейінгі балалар үйымына, балалар үйіне, мектеп интернатына баратын балалар ауырған кезде;
- 3) психоневрологиялық аурұханалардың, балалар үйінің, нәрестелер үйінің, карттар үйінің қызметкерлері ауырған кезде;
- 4) бір аурудың дамуының жасырын кезеңінде үш және одан да көп адамның науқастану жағдайы тіркелген жұқпа ошақтарындағы адамдар.

9. Аурудың бақылау деңгейі артуы кезінде пәтерлік ошақтарды тексерудің қажеттілігін эпидемиологиялық жағдайды, алдын ала жасалынған талдау материалдарын ескере отырып, тиісті аумақтың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері анықтайды.

10. Ошақтарды эпидемиологиялық тексеру кезінде тағам азық-түлігінің, судың, жұғындылардың сынамалары зертханалық тексеру үшін алынады.

#### **4. Жіті ішек жұқпалары науқасын емханаға жатқызу**

11. Жіті ішек жұқпаларымен ауырған науқастарды ауруханаға жатқызу клиникалық және эпидемиологиялық көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

12. Жіті ішек жұқпасы науқастарын емханаға жатқызуудың клиникалық көрсеткіштері:

- 1) екі айлыққа дейінгі балалардағы аурудың барлық түрі;
- 2) баланың жасына қарамастан қатты сузыздандыратын ауру түрлері;
- 3) қосымша патологиялы созылмалы аурудың түрі;
- 4) әртүрлі деңгейдегі қатты сузыздандыратын созылмалы іш өту;
- 5) дизентерияның созылмалы түрлері (асқынған жағдайда).

13. Жіті ішек жұқпасы науқастарын емханаға жатқызуудың эпидемиологиялық көрсеткіштері:

1) науқастың тұрғылықты жері бойынша қажетті індектке қарсы тәртіпті сақтау мүмкіндігі болмағанда (әлеуметтік жағдайы тәмен отбасылар, жатақхана, казармалар, коммуналдық пәтерлер);

2) емдеу алдын алу ұйымдарындағы, мектеп-интернаттардағы, балалар үйіндегі, нәрестелер үйіндегі, санаториялардағы, қарттар және мүгедектер үйлеріндегі, жазғы сауықтыру мекемелеріндегі, демалыс үйлеріндегі ауру жағдайлары.

14. Дизентерия және басқа да жіті іш өткізетін жұқпаларынан жазылған реконвалесценттерді ауруханадан шығару толық клиникалық сауыққаннан кейін жүргізіледі.

Дизентерия және басқа жіті іш өткізетін жұқпадан жазылған реконвалесценттерге амбулаториялық жағдайда емханадан шыққанынан кейін 7 күн ішінде, бірақ антибиотикпен емдеуді тоқтатқаннан 2 күннен соң бір реттік бактериологиялық тексеру жүргізіледі.

#### **5. Жіті ішек жұқпаларымен бұрын ауырғандарды диспансерлеу**

15. Жіті дизентериядан сауыққаннан кейін диспансерлік бақылауға мыналар жатады:

- 1) қоғамдық тамақтану және азық-түлік саудасы, тағам өнеркәсібі объектілерінің қызметкерлері;
- 2) балалар үйінің, нәрестелер үйінің, мектеп-интернатарының балалары;
- 3) психоневрологиялық диспансерлердің үйінің, балалар үйінің, нәрестелер үйінің, қарттар және мүгедектер үйлерінің қызметкерлері.

16. Диспансерлік бақылау, сонында 1 айдың ішінде бір реттік бактериологиялық зерттеу жүргізу міндетті тексеріс жүргізіледі.

17. Дәрігерге бару жиілігі клиникалық көрсеткіші бойынша анықталады.

18. Диспансерлік бақылауды тұратын мекен-жайы бойынша участкелік дәрігер (немесе отбасы дәрігері) немесе жұқпалы аурулар кабинетінің дәрігері жүзеге асырады.

19. Ауру қайталаған жағдайда немесе зертханалық тексерістің қорытындысы оң болғанда аурудан жазылған адамның барлық санаты қайта емделуі тиіс. Емдеу аяқталғаннан кейін 3 ай бойы, ай сайын зертханалық тексеріс жүргізу қажет. Бактерия тасымалдаушылық 3 айдан асқан адамдар дизентерияның созылмалы түрімен ауыратындар ретінде емделеді.

20. Декретtelген контингентке жататын адамға клиникалық-бактериологиялық тексерулер расталып, толық сауыққан соң ғана мамандығы бойынша жұмысқа рұқсат етілуі тиіс. Бұл адамдар дизентерияның созылмалы түрі кезде қоғамдық тамақтанумен байланысы жоқ жұмыстарға ауыстырылады.

21. Дизентерияның созылмалы түрімен ауыратын адамдар диспансерлік бақылауда бір жыл бойы тұрады. Бұл адамдарға бактериологиялық тексеріс және дәрігерлік қарауды ай сайын дәрігер-инфекционист жүргізеді.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2008 жылғы 6 ақпандагы  
N 52 бұйрығымен бекітілген

## "Сальмонеллез ауруларын ескерту жөніндегі санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер (бұдан әрі - санитарлық ереже) сальмонеллез ауруларының алдын алу және аурудың деңгейін төмендету жөніндегі санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) және емдеу-диагностикалық іс-шаралардың жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Осы санитарлық ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) бактериятасымалдаушылық - адам немесе жануар ағзасында сақталатын және аурудың клиникалық белгілері болмаса да жұқпалы (паразитарлық) аурудың қоздырғышын қоршаған ортага бөлетін жұқпа процесінің түрі;

2) сальмонеллез - Enterobacteriaceae тегіне *Salmonella* тобына жататын қоздырғыштардың нәжіс-ауыз қуысы арқылы ішке түсуінен пайда болып, өзінің

клиникалық белгілері бойынша бактериятасымалдаушылықтан бастап, аурудың асқынған түрі сепсис пайда болуымен сипатталатын тез өрбитін полиэтиологиялы жіті жұқпаның тобы. Бұл ауру көбіне тез өрбитін жіті гастроэнтерит түрінде өтеді;

3) сорпалық азық-тұліктер - мал сою және ет қақтау кезінде алынатын тағам азық-тұлігінің өндірістік атауы (кесек еттен басқа, бауыр, тіл, бүйрек, ми және тағы басқалар).

## **2. Емханаға жатқызу, ауырғандарды диспансерлік бақылау және індетке қарсы шараларды өткізу**

3. Халықтың мына санаты:

- 1) емханаға түсетін екі жасқа дейінгі балалар;
- 2) емханада жатқан ауру баланы күтетін ересектер;

3) емханаға түскен кезінде немесе оның алдында үш апта бойына ішек қызметінің бұзылуы болған босанатын, босанған әйелдер;

4) диагнозына қарамастан, емханада болу кезінде ішек қызметінің бұзылуы тіркелген барлық науқастар;

5) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2003 жылғы 12 қарашада N 2556 болып тіркелген "Халықтың декретtelген тобына міндетті медициналық бақылауды жүргізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 20 қазанды N 766 бұйрығына сәйкес декретtelген контингент;

6) сальмонеллездің ошағында жұқпаның көзі болып есептелетін декретtelген контингенттің ішінен эпидемиологиялық көрсеткіші бойынша тексеру қажет адамдар сальмонеллезге міндетті бактериологиялық тексерілуге жатады.

4. Сальмонеллезben ауыратын науқасты емханаға жатқызу клиникалық және эпидемиологиялық көрсеткіштеріне байланысты жүргізілуі тиіс.

5. Реконвалесценттерді емханадан шығару клиникалық жазылғаннан және нәжістің бактериологиялық зерттеуінің бір реттік теріс қорытындысынан соң ғана жүргізілуі қажет. Зерттеуді емделіп болған соң, үш күннен кейін жүргізу қажет.

6. Диспансерлік бақылауға ауырғаннан кейін тек декретtelген контингент ғана алынады.

7. Аурудан жазылғандарды диспансерлік бақылауды түрғылықты жері бойынша жұқпа аурулар кабинетінің дәрігері немесе участкелік (жанұя) дәрігер жүзеге асырады.

8. Сальмонелла бөлмейтін реконвалесценттер жазылғаннан кейін жұмысқа жіберіледі.

Емдеу аяқталғаннан кейін сальмонелла бөлуді жалғастыратын реконвалесценттерді, сондай-ақ декретtelген контингенттердің арасынан анықталған бактерия тасымалдаушыларды негізгі жұмысынан 15 күнге шеттеу және эпидемиологиялық қауіп туғызбайтын басқа жұмысқа ауыстыру қажет. Осы кезеңде нәжісті үш рет тексеру қажет. Оң қорытынды қайталаңған жағдайда тексерудің осы тәртібі тағы да 15 күнде қайталаңады.

Бактерия тасымалдаушылық 3 айдан астам уақыт бойы анықталса, бұл адамдар, сальмонелланың созылмалы бактерия тасымалдаушысы ретінде мамандығы бойынша жұмысынан бір жылдан кем емес мерзімге шеттетілуі қажет.

Осы мерзім аяқталған соң, нәжіс пен өтке арасы 1-2 қүннен үш реттік тексеріс жүргізілуі қажет. Теріс қорытындысы алынған кезде бұл адамдарға негізгі жұмысына рұқсат беріледі. Бір рет оң қорытынды алынған кезде бұл адамдар созылмалы бактерия тасымалдаушысы ретінде қарастырылады. Олар эпидемиологиялық қауіп туғызызы мүмкін болғандықтан жұмыстарынан шеттетіледі.

9. Емдеу аяқталған соң сальмонелла бөлуді жалғастыратын балалар 15 күн бойына балабақшадан шеттетілуі қажет, осы кезеңде нәжіске арасы 1-2 қүннен үш реттік тексеру жүргізілуі қажет. Осы кезеңде сальмонелла қоздырғышы бөлінген жағдайда бақылау мерзімі тағы да 15 күнге ұзартылуы қажет.

10. Декретtelген контингентке жататын адам немесе екі жасқа дейінгі балалар науқастанған жағдайда сальмонеллез ошақтарына міндетті түрде эпидемиологиялық тексеру жүргізу қажет. Басқа жағдайларда эпидемиологиялық тексеріс қажеттілігін эпидемиолог анықтайды.

### **3. Азық-тұлік саудасы, қоғамдық тамақтану обьектілерінде санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу**

11. Сауда обьектілерінде азық-тұлікті қабылдау, оларды тасымалдау, сақтау және сату мына санитарлық-эпидемиологиялық ереже талаптарына сәйкес жүргізіледі:

1) өнімнің сапасын және қауіпсіздігін куәландыратын құжатынсыз азық-тұліктерді, сондай-ақ ветеринарлық куәліксіз мал өнімдерінің шикізатын қабылдауға рұқсат етілмейді;

2) тағам өнімдерінің орамында шығарылу уақыты мен жарамдылық мерзімі көрсетіледі;

3) тез бұзылатын тағам өнімдері үшін ілеспе құжатында оның шығарылған күні мен сағаты көрсетіледі;

4) құс еті бөлшектелген немесе жартылай бөлшектенген күйде түседі;

5) тауарларды қоймада сақтау, оларды сауда залында орналастыру және реттеп қою кезінде дүкен қызметкері, тауарлардың көршілестігі туралы ережелерді, қою нормаларын, сақтау мерзімі және жағдайын қатаң сақтайды;

6) тез бұзылатын азық-түліктегі қабылдау, сақтау және сатуды дұрыс жұмыс істейтін мұздатқышы бар дүкендерде ғана жүргізіледі;

7) оралған ет қаптамасына, түрінің сәйкестігіне, еттің көрсетілген сортына байланысты тексеріледі;

8) сорпалық азық-түліктер - қабылдау алдында түрлеріне қарай сұрыпталады;

9) жартылай фабрикаттардың сапасын түсіне және иісіне, түріне, ұнтаққа түгел аунатылғанына, орамның жағдайына қарап тексеріледі;

10) ыдысқа салынған және зат белгісінде көрсетілген жартылай дайын өнімнің шығарылу мерзімі мен уақытын тексеріледі;

11) аспаздық өнімдердің сапасын қалпына және сыртқы түріне, олардың дайындық деңгейіне, ыдысына дұрыс салынуына қарап анықтайды;

12) азық-түлік дүкендері мен аспаздық дүкендерде шикі азық-түліктегі және олардан жасалған жартылай фабрикаттар (еттер, құстар, балықтар, теңіз тағам өнімдері, көкөністер) гастрономиялық, аспаздық және пайдалануға дайын өнімдерден бөлек (бөлек сөрелерде) қойылады;

13) тауарларды сатуға дайындауды сатушылар немесе осыған арнайы бөлінген адамдар жүргізеді;

14) кремді, кондитерлік өнімдерді қоймалар үй-жайларында және сауда залында осы тауарларға арналған тоқазытқышы бар дүкендерде, дүкендердің бөлімдерінде, секцияларында сатуға рұқсат етіледі;

15) шикі жұмыртқаларды тек шикі өнімдерді сататын бөлімдерге ғана қоюға рұқсат етіледі;

16) қауызы бұзылған ("жарылған"), ішіндегі қабықшасы және қауызынан бөлінген ("аққан"), сондай-ақ қауызында қан мен саңғырық жағылған жұмыртқаларды сатуға тиым салынады;

17) жұмыртқа және жұмыртқа өнімдерінің сату және сақтау мерзімін сақтау керек.

12. Қоғамдық тамақтану объектілерінде мына санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақталуы қажет:

1) шикі және дайын азық-түліктегі турау үшін қатты ағаштардан жасалған (емен, шамшат, шаған, қайың) кедір-бұдырысыз, тегіс сүрленген арнайы белгіленген туралын үстелдер және бөлшектейтін тақтайшалар бөлінуі керек;

2) тез бұзылатын азық-түліктегі сақтау үшін тоқазытқыш қондырғылары болуы керек;

3) сүйк көзі болмаған жағдайда қоғамдық тاماқтандыру обьектілерінде тез бұзылатын азық-түлікті сатуға тыйым салынады;

4) шикі азық-түліктер немесе жартылай дайындалған өнімдерді піскен тағамдармен бірге сақтауға, сондай-ақ үй-жайларда азық-түліктерді ыдыстарымен, арбалармен, шаруашылық материалдармен және азық-түлікке жатпайтын басқа тауарлармен бірге сақтауға рұқсат етілмейді;

5) мұздатылған ет жарты ұша қүйінде немесе төрттен бір бөлік ретінде қалыпта ілінген күйінде арнайы үй-жайларда 0-ден  $8^0$ -ге дейін аздал көтере отырып, немесе ет цехтарындағы үстелдерде бөлме температурасында жібітіледі;

6) етті майда бөліктер түрінде және де суда немесе оттың жанында дефростациялауға (жібітуге) тиым салынады;

7) ет ұшалықта, жарты және ұшаның төрттен бір бөлігін ұсақтап шаппас бұрын тазалайды, етті іледі және ағынды суда шөткемен жуады. Қан ұйыған, таңба салынған, жарақаттанған жерлері мұқият кесіп алынады;

8) жұмыс аяқталғаннан кейін шөткелер белгіленген заң тәртібімен қоғамдық тاماқтану ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген жуғыш заттардың ерітіндісімен жуылады, шайылады және үстіне қайнаған су құйылады;

9) қоғамдық тاماқтану ұйымдарында аспаздық өнімдерді дайындау кезінде етті, балықты, көкөністерді өндеудің, сүйк астарды дайындаудың және тағамдарды пісірудің өндірістік процесінің ағымы сақталуы қажет;

10) өндірісте қолданылатын жұмыртқалар таза, қауызы сынбаған, сапасы 2-ші санаттан төмен болмауы тиіс;

11) крем дайындау үшін тек қауызы жарылмаған және ластанбаған емдемдік тауық жұмыртқалары қолданылады;

12) крем дайындау үшін миражды жұмыртқаларды, жұқпа аурулар тұрғысынан қолайсыз шаруашылықтардың жұмыртқаларын, сондай-ақ жұмыртқаның орнына меланж қолдануға болмайды;

13) кәсіропындарда технологиялық процесс жол бойынша орналасуы тиіс, шикі және піскен өнімдердің ағыннымен кездесу мүмкіндігін болдырмайтын және бір-бірімен байланысуға жайлар, жұмыртқаны сақтайтын және қабынан босататын бөлмелері, жұмыртқаны жуатын және дезинфекциялайтын бөлмесі, жұмыртқалық масса алуға арналған бөлмесі бар жұмыртқа жарғышы болуы керек;

14) крем жасауға арналған жұмыртқалық массаны  $2-6^0$  С-ден жоғары емес температура кезінде сақтау мерзімі 8 сағаттан, ал көміліп пісірілетін жартылай дайындалған өнімдер үшін -24 сағаттан аспауы керек;

15) кремдерді дайындау қолданыстағы рецептік және технологиялық нұсқауларға сәйкес жүргізіледі;

16) өндірісте піскен өнімдерді тоңазытқыш камерасына салғанға дейінгі сақтаудың уақытын 2 сағаттан асырмауы тиіс;

17) кремдер, тәтті нан тағамы және торттар  $8^0$  С жоғары емес температурада сақталуы керек;

18) дайындалған өнімдердің саны ұйымдардың сату-өткізе алу қабілетіне сәйкес болуы керек;

19) тағам сату шамасына сәйкес партияланып дайындалады;

20) басқа қоғамдық тамақтану ұйымдарын және сату жүйелерін қамтамасыз ету үшін жартылай фабрикаттарын тек жартылай өнімдерді сақтауға арналған тоңазытқыш камералары, жартылай өнім дайындастын цехтың ыдысын жуатын бөлмесі бар, экспедициялы, арнайы жабдықталған ұйымдарда ғана дайындауға рұқсат етіледі;

21) қоғамдық тамақтану ұйымдарында ет турамасы керегіне қарай дайындалады;

22) камералар мен шкафттар салқын болмаса, ет турамасын және еттің жартылай фабрикаттарын сақтауға болмайды.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сактау министрінің  
2008 жылғы 6 акпандагы  
N 52 бұйрығымен бекітілген

## "Іш сүзегі мен қылау ауруларын ескерту жөніндегі санитарлық-індеге қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу" санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер (бұдан әрі - санитарлық ереже) іш сүзегі мен қылау ауруларының алдын алу және аурудың деңгейін төмендету жөніндегі санитарлық-індеге қарсы (профилактикалық) және емдеу-диагностикалық іс-шаралардың жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Осы санитарлық ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) бактериятасымдаушылық - адам немесе жануар ағзасында сақталатын және аурудың клиникалық белгілері болмаса да жүқпалы (паразитарлық) аурудың қоздырғышын қоршаған ортага бөлетін жүқпа процесінің түрі;

2) іш сүзегі - аш ішектің лимфа жүйесі зақымданып, шырышты қабықшасында жара пайда болатын, жалпы уланудың қайталануы кездесетін, қоздырғыш ауыз және нәжіс қуысы арқылы жүгітін, су, тағам және түрмисстық жолдармен таралатын, споралық таралумен қатар ұзақ уақытқа бактерия

тасымалдаушылықты қалыптастыруға бейім сальмонелла бактериясының (*Salmonella Typhi*) түрінен болатын жұқпалы бактериялы ауру;

3) декретtelген контингент - айналасындағыларға жұқпалы және паразиттік ауруларды жұқтыру қаупі барынша төніп тұрған қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін адамдар;

4) қылаулар - аш ішектің лимфа жүйесі зақымданып, шырышты қабатында жара пайда болатын, қоздырғыш қанмен араласатын, жалпы уланудың қайталануы кездесетін, қоздырғыш ауыз және нәжіс қуысы арқылы жұғатын, әсіресе су және тағам жолдарымен таралатын, ұзақ уақытқа бактерия тасымалдаушы болуға бейім сальмонелла бактериясынан (*Salmonella paratyphi*) туындайтын жіті жұқпалы бактериялы ауру. Патогенезі және клиникалық белгілері бойынша іш сүзегіне ұқсас келеді, тез басталу және ұзақ ағымды, катаральды құбылыс кезеңімен сипатталады;

5) санация - ағзаны сауықтыру бойынша мақсатты емдеу-алдын алу іс-шараларын жүргізу;

6) фаготип - типтік бактериофактар құрамына бірдей сезімталдықты сипаттайтын бактериялық штаммдар жиынтығы.

## **2. Санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу**

3. Халықтың іш сүзегі және қылау ауруларымен науқастануын санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауға мына санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар енуі тиіс:

1) елді мекендердің, әсіресе халықтың сүзек, қылау жұқпалы ауруларымен науқастануы бойынша қолайсыз елді мекендердің санитарлық жағдайы туралы ақпаратты талдау;

2) халық арасында қауіпті топтарды анықтау және эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру;

3) науқастардан және бактерия тасымалдаушылардан бөлінетін өсінділердің фаготиптерін анықтау;

4) бактерия тасымалдаушыларды анықтау мен санациялау мақсатында аурудан жазылғандарды, әсіресе тамақ кәсіпорындарының қызметкерлері мен басқа да декретtelген контингентті есепке және диспансерлік бақылауға алу;

5) профилактикалық және індектке қарсы іс-шараларды жоспарлау.

4. Сүзек, қылау жұқпаларының алдын алу іс-шаралары қоздырғыштардың су, тамақ арқылы берілуін ескертетін санитарлық-гигиеналық іс-шараларды өткізуге бағытталады. Мына объектілердің санитарлық-техникалық жағдайына:

1) сумен қамтамасыз ету жүйелеріне, орталықтандырылған, орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету көздеріне, бас су шығару құрылыстарына, су көздерін санитарлық қорғау зоналарына;

2) тамақ өнімдерін шығару өнеркәсіптеріне, азық-түлік саудасына, қоғамдық тамақтануға;

3) көріз жүйелеріне санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жүргізіледі.

5. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2003 жылғы 12 қарашада N 2556 болып тіркелген "Халықтың декретtelген тобына міндettі түрде медициналық бақылау жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2003 жылғы 20 қазанды N 766 бұйрығына сәйкес халықтың декретtelген тобына міндettі медициналық бақылауды жүргізу қажет.

6. Дәрігерлік қараудан соң декретtelген контингенттің ішіндегі адамдар жұмысқа қабылданар алдында қанның сарысуын тіkelей гемоагглютинация әсеріне қою жолымен (бұдан әрі - ТГАӘ) серологиялық тексеруге және бір реттік нәжісі мен зәріне бактериологиялық зерттеуге жатуы тиіс. Бұл адамдар серологиялық және бактериологиялық тексерудің қорытындысы теріс болып, басқа қарсы көрсеткіштер болмаса жұмысқа жіберіледі.

ТГАӘ-дың қорытындысы оң болған жағдайда 1-2 күн сайын дәретін бес рет бактериологиялық тексеруден қосымша өткізу қажет. Бұл тексерудің нәтижесі теріс болған жағдайда өтке бір реттік бактериологиялық зерттеу жүргізілуі қажет. Дәреті мен өтін бактериологиялық тексерудің нәтижесі теріс болған адамдар жұмысқа жіберіледі.

Бактериологиялық және серологиялық зерттеудің нәтижесі оң болған адамдар бактериятасымалдаушы ретінде қарастырылуы тиіс. Оларға емдеу жүргізу, есепке алу, медициналық бақылау белгілеу керек. Осындай жағдайда олар эпидемиялық қауіп төндіруі мүмкін жұмыстан босатылады.

7. Тамақтандыру, сумен қамтамасыз ету саласының және басқа декретtelген контингенттің осы жүқпалар бойынша эпидемиялық қолайлы болған кезде іш сүзегі мен қылаудың қоздырғышын тасымалдаушылыққа жоспарлы профилактикалық зертханалық зерттеулерден өтпейді.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 мамырдағы N 488 "Халықты жүқпалы ауруларға қарсы вакциналауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес халықтың мына санаты іш сүзегіне қарсы егіледі:

1) көріз жүйесін тазалайтын және қоқыстарды жинайтын заарсыздандыратын құрылыстардың, елді мекендерді санитарлық тазалаумен айналысатын объектілердің жұмысшылары;

2) жұқпалы ауруханалардың, ішек жұқпалы аурулары науқастарына арналған бөлімшелердің медициналық қызметкерлері, бактериологиялық зертханалардың қызметкерлері;

3) елді мекендерде тұрудың эпидемиологиялық жағдайы мен санитарлық-гигиеналық жағдайларға сәйкес және төтенше жағдайлар кезінде эпидемиялық көрсеткіштері бойынша қатынаста болғандар.

9. Іш сүзегі немесе қылау ошақтарында мынадай індектке қарсы іс-шараларды:

1) барлық науқастарды сұрау, тексеру, қызуын өлшеу, зертханалық тексеру арқылы анықтау;

2) іш сүзегімен және қылаумен ауырған науқастарды уақтылы оңашалау;

3) іш сүзек немесе қылаумен бұрын науқастанған адамдарды, жұқтыру қаупі туындаған адамдарды, декретtelген контингентті (күдікті тағамдар мен суды қолданған, науқастармен арасқан) зертханалық анықтау және зертханалық зерттеу жүргізу;

4) осы ережелер мен нормалардың 9-тармақ 3-тармақшасында көрсетілген, барлық бір рет ауырған адамдардың ошағына нәжісін бір рет бактериологиялық тексеруді және қанның құрамындағы сарысуын ТГАӘ-ға тексеруді жүргізу керек . ТГАӘ қорытындысы оң болған адамдардың зәрі мен нәжісін бес рет қайталап бактериологиялық тексеріледі;

5) топтық ауру пайда болған жағдайда, жұқпаның көзі болуы мүмкін күдіктілерге зертханалық тексеру жүргізу керек. Зертханалық тексеруге кемінде 2 күн сайын үш рет нәжісі мен зәрін бактериологиялық тексеруді және бір рет қан сарысуын ТГАӘ әдісімен тексеру енүі тиіс. ТГАӘ қорытындысы оң адамдар 2 күн сайын кемінде қосымша бес рет нәжісі мен зәрін бактериологиялық тексеруге тапсырады, ал тексерудің нәтижесі теріс болғанда бір рет өті тексерілуі ;

6) іш сүзегімен немесе қылаумен ауырған науқаспен үйінде арасқан декретtelген контингент құрамындағы адамдар, науқасты ауруханаға жатқызып, үйге соңғы дезинфекция өткізіп, оның нәжісін, зәрін бір реттік бактериологиялық тексерудің және ТГАӘ теріс қорытындысын алғанға дейін уақытша жұмысынан шеттетілуі тиіс;

7) жұқтыру қаупіне ұшыраған адамдар зертханалық тексерумен қатар медициналық қадағалануы және күнделікті дәрігерлік қаралуы әрі соңғы науқасты оңашалау сәтінен бастап, іш сүзегі кезінде 21 күн және қылау кезінде 14 күн бойы дене қызуы өлшенуі тиіс;

8) іш сүзегімен және қылаумен ауыратыны анықталған науқастар мен бактерия тасушылар тез арада оңашаланып, емдеу мекемелеріне тексеруге және емдеуге жіберіледі.

10. Иш сүзегі мен қылаудың ошағындағы жедел алдын алу эпидемиологиялық жағдайға байланысты эпидемиологтың тағайындауымен жүргізілуі тиіс. Иш сүзегі ошағында ішсүзектік, қылаудың ошағында көпвалентті салмонолездік бактериофаг беріледі. Бактериофагты жасына және қолдану нұсқаулығына сәйкес беру керек. Бактерияфагты бірінші рет беру материалды бактериологиялық тексеруге алғаннан кейін жүргізілуі тиіс. Реконвалесценттерге де бактерияфаг беріледі.

11. Иш сүзегі мен қылау ошақтарында дезинфекциялық іс-шаралар міндетті түрде жүргізілу керек:

1) ағымдық дезинфекцияны науқасты анықтаған сэттен бастап ауруханаға жатқанға дейінгі кезеңде, реконвалесценттерде ауруханадан шыққаннан кейін үш ай бойына жүргізу қажет;

2) ағымдық дезинфекцияны емдеу мекемесінің медицина қызметкері ұйымдастыруы, ал оны науқасты күтуші адам, реконвалесцент өзі немесе бактериятасушы жүргізеді;

3) қорытынды дезинфекцияны дезинфекция станциялары немесе санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының (ұйымдарының) дезинфекциялау бөлімдері (бөлімшелері), ауылдық жерлерде - ауылдық дәрігерлік ауруханалар, амбулаториялар жүргізеді;

4) қорытынды дезинфекцияны қалаларда науқасты ауруханаға жатқызғаннан кейін 6 сағаттан, ал ауылдық жерде - 12 сағаттан асырмай жүргізеді;

5) амбулаториялық-емханалық қабылдауда немесе емдеу-алдын алу мекемесінде іш сүзегімен немесе қылаумен ауыратын науқас анықталған жағдайда, науқас болған үй-жайларда оны оқшаулағаннан кейін аталған мекеме қызметкерлерінің күшімен қорытынды дезинфекциялау жүргізіледі.

### **3. Науқастарды диагностикалау, ауруханаға жатқызу**

12. Иш сүзегімен немесе қылаумен ауырған науқастарды, бактерия тасымалдаушыларды уақтылы анықтауды, оқшаулауды және емдеуді меншік нысанына қарамастан, барлық денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлері науқас медицина мекемелеріне қаралған кездегі клиникалық және зертханалық деректердің негізінде, сондай-ақ белсененді анықтау жолымен жүзеге асырады.

13. Ауруды диагностикалағанда ең бастысы гемокультураның бөлінуі болуы тиіс. Гемокультураны бөлу үшін қан алу аурудың барлық кезеңінде жүргізілуі тиіс. Қанның бірінші егілуі антибактериялық терапия алдында жүргізілуі қажет. Ауруды диагностикалау үшін нәжіскультурасы, зәркультурасы, өтті зерттеуді, серологиялық диагностиканы (Видаль әсері, ТПГӘ) жүргізу керек.

14. Диагнозы қойылмаған науқастар, дene қызыу 3 және одан да көп күн бойы түспегендер іш сүзегіне тексеріледі.

15. Иш сүзегімен және қылаудың А мен В түрімен ауыратын барлық науқастар жүқпалы аурулар стационарына жатқызылады.

16. Науқастарды ауруханадан шығару, антибиотикті тоқтатқаннан кейін 5 күннен соң 3 реттен кем емес, содан соң 5 күн сайын нәжісі мен зәрін бактериологиялық тексеруден өткізген соң, қызбасы 21 күн қалыпты болғанда жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен бірге, ауруханадан шығардан 7-10 күн бұрын, дуоденальды құрамды себу жүргізу қажет.

#### **4. Бұрын ауырғандарды диспансерлік бақылау**

17. Иш сүзегімен және қылаумен бұрын ауырған барлық науқастар ауруханадан шыққан соң, 2 аптада 1 рет қызыу өлшеніп, медициналық бақылауға алынуы тиіс. Стационардан шыққаннан соң 10 күннен кейін, реконваленценттерді бактериологиялық бактериятасымалдаушылыққа тексеруді бастау керек, ол үшін кемінде 2 күн сайын нәжіс пен зәр бес рет зерттеледі. 3 ай бойы ай сайын бір рет зәр мен нәжісін бактериологиялық зерттеу жүргізіледі.

Ауруханадан шыққаннан кейінгі 3 ай ішіндегі бактериологиялық тексерудің қорытындысы оң болған жағдайда, қаралушы жіті тасымалдаушы болып есептеледі.

Бақылаудың төртінші айында бактериологиялық зерттеу өт және ТГАӘ-ға цистеинмен қанның сарысының зерттеу керек. Барлық зерттеулердің қорытындысы теріс болған жағдайда ауырған адам диспансерлік бақылаудан шығарылады.

Серологиялық тексерудің нәтижесі оң болған кезде нәжіс пен зәрге бес рет бактериологиялық зерттеу жүргізіледі. Тексерудің қорытындысы теріс болған жағдайда 1 жылға бақылауға қалдырады.

Стационардан шыққан соң 1 жылдан кейін бір рет бактериологиялық тексеруге нәжіс пен зәр алынады және ТГАӘ-ға цистеинмен қанның сарысының тексеріледі. Тексерудің қорытындысы теріс болса, ауырған адамды диспансерлік бақылаудан шығарады.

18. Декретtelген контингентке жататын бұрын ауырған адамдар ауруханадан шыққан соң, олар эпидемиялық қауіп төндіруі мүмкін болғандықтан жұмыстан 1 ай бойы шеттетілуі тиіс. Осы уақыт аралығында бес рет бактериологиялық тексеру (нәжіс пен зәрді зерттеу) жүргізіледі.

Зерттеудің нәтижесі теріс болған кезде олар жұмысқа жіберілуі және келесі 2 ай ішінде ай сайын өті және цистеинмен ТГАР-ға қанның сарысының зерттелуі тиіс.

2 жыл аралығында тоқсан сайын, ал бұдан былай барлық жұмыс істеу мерзімінде жылына екі рет тексеру (нәжісі мен зәрін зерттеу) керек.

Қорытындысы оң болған жағдайда (сауыққаннан кейін 1 айдан соң) оларды тамақ пен суға байланысы жақ жұмысқа ауыстыру қажет. 3 ай өткеннен соң 5 рет нәжісі мен зәріне және бір рет өтіне бактериологиялық зерттеу жүргізу керек. Қорытындысы теріс болғанда жұмысқа жіберіледі және алдындағы топтар сияқты тексеруден өткізеді.

Қорытындысы оң болса, цистеинмен ТГАР-ға қосымша нәжіс пен зәрге 5 рет және қорытындысы теріс болған кезде өтке 1 рет зерттеу жүргізуі тиіс. Қорытындысы теріс болғанда жұмысқа жіберілуі тиіс. Егер мұндай адамдарда жазылғаннан кейін үш ай бойына жүргізілген барлық тексеруден бір рет іш сүзегі мен қылаудың қоздырғышы бөлінсе, онда олар созылмалы бактерия тасымалдаушы болып есептелінеді және эпидемиологиялық қауіп төндіретін болғандықтан жұмыстан шеттетіледі.

19. Іш сүзегі мен қылаудың бактерияларын тасымалдаушылар арасында мынадай іс-шаралар жүргізілуі қажет:

1) транзиторлық тасымалдаушыларда 3 ай бойы 5 рет нәжісі мен зәрін бактериологиялық зерттеу қажет. Қорытындысы теріс болған кезде өтін бір рет зерттеу керек. Бақылаудың сонында бір рет цистеинмен ТГАӘ-ге қанның сарысуын зерттеу керек. Барлық зерттеудің қорытындысы теріс болса, бақылаудың үшінші айының сонында олар есептен шығарылуы тиіс. Бактериологиялық және серологиялық зерттеулердің қорытындысы оң болса, олар жіті тасымалдаушы болып саналады.

2) ауруы анықталғаннан кейін екі ай бойы жіті тасымалдаушыларға қызбасын өлшеп тұратын медициналық бақылау және 3 ай бойы нәжісі мен зәрін бактериологиялық тексеру жүргізіледі. Үшінші айдың сонында бес рет нәжісі мен зәрін бактериологиялық зерттеу, өтін бір рет цистеинмен ТГАӘ-ге қанның сарысуын бір рет серологиялық зерттеу керек. Бактериологиялық және серологиялық зерттеудің қорытындысы теріс болған кезде, қаралушыны диспансерлік есептен шығару қажет. Серологиялық зерттеудің қорытындысы оң және нәжіс пен зәрді зерттеудің қорытындысы теріс болғанда бір жылға бақылауға алуды жалғастыру қажет. Бір жылдан кейін нәжіс пен зәрді цистеинмен бір рет, бактериологиялық бір рет зерттеуге тиіс. Серологиялық зерттеудің қорытындысы оң болған кезде нәжіс пен зәрді бес рет, өтті бір рет зерттеу қажет. Зерттеудің қорытындысы теріс болғанда қаралушы диспансерлік бақылаудан шығарылуы тиіс. Қорытынды оң болғанда қаралушы адамдар созылмалы тасымалдаушы ретінде есептелінеді.

3) іш сүзегінің таяқшаларын созылмалы тасымалдаушылар аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарында есепке тұруы, олардың

өмір бойы тексерілу тәртібін эпидемиолог белгілеуі тиіс. Оларды дезинфекциялық ерітінділерді дайындау, ағымдық дезинфекциялау, дұрыс тазалық сақтау ережелеріне оқыту қажет.

4) декретtelген контингенттерден шыққан тасымалдаушыларды аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарында тұрақты есепке алу керек. Бірінші бақылау айында оларды эпидемиологиялық қауіп тудыруы мүмкін болғандықтан жұмыстан шеттету қажет. Егер бір айдан соң қоздырғыштың бөлінуі жалғаса берсе, оларды тағы 2 айға жұмыстан шеттейді. Үш айдан кейін бактериялогиялық тексерудің қорытындысы теріс болса, онда олар негізгі жұмыс орнына жіберіледі. Бактериялогиялық тексерудің қорытындысы оң болса, олар созылмалы тасымалдаушылар ретінде саналып, эпидемиологиялық қауіп тудыруы мүмкін болғандықтан жұмыстан шеттету қажет.

20. Тамақты қайта өндедеу өнеркәсібі, азық-түлік сауда, қоғамдық тамақтану обьектілері қызметкерлерінің және басқа да декретtelген контингенттің отбасы мүшелерінің біреуінен созылмалы бактерия тасымалдаушылық анықталған жағдайда соңғылары жұмыстан шеттелмейді және арнайы бақылауға жатпайды.